

БАҒА

СТАТИСТИКАСИ



Баға – тауар құнының ақшаға шағылуы. **Тариф** – қызмет құнының ақшаға шағылуы. Баға өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын, сондай – ақ кәсіпорынның пайдасы мен табысы жөніндегі деректердің негізінде құрылады.

Тауарлар мен бағаларды статистикалық зерттеудің міндеттері:

- 1. Тауарлар мен қызметтердің бағаларын статистикалық бақылауды ұйымдастыру.**
- 2. Тауарлар мен қызметтердің бағаларын тіркеу, баға жөнінде ақпарат жинау, оны республика ауқымында жинақтап қорыту.**
- 3. Бағалардың инфляциялық процесс құрамын, құрылымы мен динамикасын талдау.**
- 4. Бағаны ішкі және ұлттық экономиканың тауарлары мен қызметтерін, экспорт пен импортты бағалауда пайдалану.**
- 5. Өңірлік және республикалық деңгейлерде орташа бөлшек сауда бағалары мен бөлшек сауда бағаларының индекстерін есептеу.**
- 6. Бөлшек сауда бағалардың деңгейі мен динамикасына ықпал ететін факторларды статистикалық зерттеу.**
- 7. Тұрмыс құнын өлшеуіш ретінде орташа тұтыну баға мен тұтыну бағаның индекстерін есептеу.**
- 8. Тауарлардың, қызметтердің бағаларын өңіраралық және халықаралық ауқымда салыстыруды жүргізу.**

Ағымдағы нарықтық бағалардың көмегімен өндірілген, пайдаланылған және сатылған өнімнің жалпы көлемі анықталады; экономикалық салалар мен секторға бөлінген құрылымы өлшенеді.

Ағымдағы нарықтық бағалар:

- 1. Факторлық құн**
- 2. Негізгі баға**
- 3. Өндірушінің бағасы**
- 4. Сатып алушының бағасы**
- 5. “ФОБ”**
- 6. “СИФ” (құн, сақтандыру, тасымал)**

***Факторлық баға (ФБ)* – өндіруші тауардың, қызметтің бірлігі үшін алатын баға:**


$$\mathbf{ФБ = АТ + НКТ + ЖП (ЖАТ)}$$

***Негізгі баға (НБ)* – өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге саналатын салық қосылмаған, алайда өнімге арналған субсидия қосылған баға.**

Тұтынушы бағасы (ТБ) - өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге салынатын салық қосылған, ҚҚС пен импортқа салынатын салықты қоспағанда және өнімге арналған субсидия қосылмаған баға.

Өндіруші бағасы мен негізгі бағаның арасындағы байланыс:

- 1. $ТБ = НБ + ТБС$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынған салықты қоспағанда) = $НБ + БС$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынған салықты қоспағанда) – $БС$ өнімнің.**
- 2. $НБ = \Theta Б + ТБС$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) = $\Theta Б - БС$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) + $БС$ өнімнің, $ТБС$ – тағы да басқа салықтар.**



Тұтынушының нарықтық бағасы (ТНБ) – өнім мен импортқа салынатын барлық таза салықтарды қосқанда, сатып алушы тауар немесе қызмет үшін төлейтін баға.

Егер есептілікке шығарылым туралы мәліметтер өндірушінің бағасында жазылса:

Ш (шығаралым) негізгі бағада = **С** (салық) экспорттың (ҚҚС қоспағанда) + **Д** (демеуқаржы) өнімге арналған.

Шығарылым мен ЖҚҚ бағасына байланысты іс жүзінде ЖҚҚ мен ЖІӨ арасындаға арақатынас:

ЖІӨ нарықтық бағада = ЖҚҚ негізгі бағада + ТС өнім мен импортқа салынатын (ҚҚС қоспағанда)

ЖІӨ нарықтық бағада = ЖҚҚ өндірушінің бағасында + ҚҚС + ТС импортқа

“ФОБ” баға – ағылшын тіліндегі **“fob”** деген сөзден шыққан, ол **“борттағы еркін баға”** деген ұғымды білдіреді.

ФОБ бағаның құрамы:

- 1. тауар бірлігінің өндіруші бағасы бойынша құны.**
- 2. тауар экспорттаушы елдің шекарасынан өткен сәтте тауармен, яғни оны жеткізумен, сақтандырумен, тауарды одан әрі тасымалдаумен байланысты барлық қызметтердің құны.**

“СИФ” баға деген сөз де ағылшын тіліндегі **“cif”** деген сөзден пайда болған, құн, сақтандыру, фрахт – тасымал деген ұғымды білдіреді.



“Экономикалық қызмет нәтижесінің тиімділік статистикасы” (көрсеткіштер)
Дайындаған: Абекенов.М (2МжЖБ - 2) Тексерген: Сисен.А